

**6D120200 - «Ветеринарлық санитария» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Кушмуханов Женис Сериковичтің «Мия тамырының экстрактісі пайдаланылған құс етін ветеринарлық-санитарлық бағалау»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған; 2) Ииссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған; Диссертациялық жұмыс бастамашыл. Қаржыландырылусыз орындалды. 3) Диссертация «Агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуы» ғылымының даму бағытына, Ветеринария басымдығына сәйкес келеді және соның негізінде орындалды.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Ғылыми жұмыс ветеринария ғылымының дамуына үлесін қосады. Жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша мия тамыры экстрактісі пайдаланылған бөдене етінің ветеринариялық-санитариялық көрсеткіштеріне оң әсер ететіндігі және оны құстардың негізгі рационының құрамына қолдануға болатындығы анықталған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Жоғары. Диссертация ғылыми тілде, түсінікті жазылған, зерттеу нәтижелері мен талдау бөлімдерінде арнайы дереккөздерге сілтеме жасалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген;	Негізделген. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығынан ашылған, себебі бүгінгі таңда құстарды

		<p>2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>сапалы азықпен азықтандыру арқылы олардың өнімділігін арттыру, жоғары сапалы, тағамдық құндылығы мол өнім алу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Осы орайда жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде мия тамыры экстрактісінің құстардың өсуіне, қанының биохимиялық, гематологиялық көрсеткіштеріне, етінің органолептикалық, физикалық-химиялық, микробиологиялық көрсеткіштеріне, химиялық, минералдық құрамына, сапасына оң әсер ететіндігі ғылыми тұрғыда негізделген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u>; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.</p>	<p>Айқындайды. Диссертация тақырыбы «Мия тамыры экстрактісі пайдаланылған құс етін ветеринарлық-санитарлық бағалау» болса, осы сұрақтар толықтай диссертация мазмұнында ашылған.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Сәйкес келеді. Жұмыстың алдына қойылған мақсат пен міндеттер тақырыпқа сәйкес келеді, міндеттер толықтай орындалған.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы өз ара логикалық байланыста, кіріспе, әдебиетке шолу, негізгі зерттеу нәтижелері бөлімі, нәтижелерді талдау, қорытынды бөлімі байланысқан және зерттеу мәселелерін шешуді дәйекті дамытады.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>Сыни талдау бар. Автор зерттеу барысында мия тамыры экстрактісінің бөдененің өсу көрсеткіштері мен бөдене етінің сапасына әсерін анықтаған. Әрбір қолданған әдіске сыни талдау жасалған.</p>

5.	Ғылыми принципі жаңашылдық	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Толығымен жаңа. Бұрын құстарды өсіруде қолданылмаған жергілікті дайындалған мия тамыры экстрактісінің бөдененің өсуіне, етінің сапасына тигізетін әсері зерттелген. Сонымен қатар пайдалы моделге тапсырыс берілген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Толығымен жаңа. Алғаш рет мия тамыры экстрактісінің бөдененің өсу көрсеткіштеріне, қанының құрамына, етінің сапасына әсері, қауіпсіздігі анықталған. Нәтижесінде бөдене етінің калориялық көрсеткіші 6 ккалға жоғары, бөденелердің өсуі бақылау тобымен салыстырғанда 2,56%-ға артса, қанының құрамы айтарлықтай жоғары болған, яғни бұл көрсеткіш бөденелердің иммундық көрсеткіштерінің жоғары екендігін білдіреді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u> ; 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ішінара жаңа (25-75% жаңа).
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген . Зерттеулер нәтижесінде алынған және диссертациялық жұмыста баяндалған ғылыми деректер, қорытындылар және ұсыныстардың ғылыми негізделу дәрежесі жоғары. Ғылыми нәтижелердің логикалық байланысы және ғылыми тұрғыда құндылығы бар.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар толығымен дәлелденді . Диссертациялық жұмыстың қорғауға шығарылған қағидаттары тривиалды емес , жаңашылдығы бар . Диссертант өзінің диссертациялық жұмысында алғаш рет мия тамыры экстрактісінің бөдененің физиологиялық жай-күйі мен өсіміне жақсы әсер ететіндігін анықтады.

		<p>мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Диссертациядағы нәтижелерді құс өсірумен айналысатын шаруашылықтарға кеңінен қолдануға болады. Диссертациялық жұмыс көлемінде алынған материалдар докторанттың жарық көрген мақалаларында жан-жақты дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Ия. Әдістеменің таңдауы негізделген және диссертациялық жұмыстағы зерттеу міндеттеріне толық сәйкес келеді.</p> <p>Ия. Диссертация жұмысының нәтижелерін алуда компьютерлік технологиялар қолданылған, қан сарысуының құрамынан жалпы ақуыздың санын, альбуминдер, АЛТ мен глюкоза сияқты қанның биохимиялық көрсеткіштерін анықтау жұмыстары ашық типті Mindray BS-240Pro (Қытай) биохимиялық анализаторында жүргізілген. Тұрақтанған қан құрамынан эритроциттердің, лейкоциттердің, тромбоциттердің, гематокриттер мен гемоглобин мөлшерін анықтау жұмыстарын</p>

			Abacus Vet5 (Австрия) гематологиялық анализаторында орындалған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Ия. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары зертхана жағдайында заманауи құрылғылармен, сондай-ақ жалпы әдістерімен алынған нәтижелермен дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара <u>расталған</u> / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді отандық, шет елдік ғалымдарының ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы расталған .
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті түрде қамтылған, диссертацияда 154 дереккөздер берілген, оның ішінде отандық ғалымдардың еңбектері - 43, ТМД және шетелдік ғалымдардың еңбектері - 111.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ.	Бар. Диссертацияның теориялық маңызы бар, себебі алғаш рет мия тамыры экстрактісінің бөдененің физиологиялық жай-күйі мен өсіміне жақсы әсер ететіндігін анықталған және бөдене етінің сапасына әсері зерттелген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Ия. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Құс өсірумен айналысатын шаруашылықтарда, құстарға рационның құрамына қосымша қолдануға болады. Бөдене етінің өнімділігі мен сапасын арттыру тәсіліне пайдалы моделге патент алуға тапсырыс берілген.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Академиялық жазу сапасы - жоғары .

		1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыста тақырып бойынша отандық, ТМД елдері және шет ел ғалымдарының соңғы 5-10 жыл көлеміндегі зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне терең талдау жүргізілген. Қорытындылар жасалған жұмыс нәтижелерінен алынған.
11.	Диссертацияға ескертулер	1. Мәтінде стилистикалық және орфографиялық қателер кездеседі. Бұл ескертулер диссертация маңызын жоймайды және жүргізілген зерттеулердің оң бағасына әсер етпейді.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Диссертациялық жұмыс нәтижесі бойынша 6 ғылыми мақала жарияланған. Оның ішінде 2 (екі) мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, 3 (үш) мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдар тізбесіне кіретін ғылыми журналдарда, 1 (бір) мақала Web of Science және Scopus базасының дерекқорына енгізілген рецензияланған ғылыми журналдарда жарияланған, процентиль – 82. Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша мақалаларының ғылыми деңгейі талапқа сай жазылған.	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес*)	Кушмуханов Женис Сериковичке 6D120200 - «Ветеринарлық санитария» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Мия тамырының экстрактісі пайдаланылған құс етін ветеринарлық-санитарлық бағалау» тақырыбында орындалған диссертациясы өзекті, практикалық маңызы жоғары, ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сай толық аяқталған ғылыми жұмыс. Сондықтан 6D120200 - «Ветеринарлық санитария» мамандығы бойынша докторант Кушмуханов Женис Сериковичке философия докторы (PhD) дәрежесі тағайындалуын ұсынамын.	

Ресми рецензент,
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті,
ветеринария ғылымдарының докторы, профессор:

Н.Б. Сарсембаева

Н.Б. Сарсембаева

